

**«Балдырған» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны**

**Бекітемін:**

**Меңгеруші: А.Қ. Бисебаева.**



**Келісемін:**

**Әдіскер: Ш.Р. Толыбаева**



**«Балапан» кіші тобы**

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және  
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде  
2024-2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған  
іс-әрекеттің перспективалық жоспары.**

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024 - 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы** МКҚК «Балдырған» балабақшасы

**Топ:** «Балапан» кіші тобы

**Балалардың жасы:** 2 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі:** 2024-2025 оқу жылы қыркүйек айы .

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет атаулары. Біртұтас тәрбие жобасы.	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы	<p><b>Физикалық қасиеттерді дамыту</b> Денешынықтыру</p> <p>«Қамқор» - салауатты әдеттер мен қауіпсіз қимыл дағдыларын қалыптастырады, денсаулыққа қамқор көзқарас береді.</p>	<p>Негізгі қимыл түрлерін жетілдіру: жүру, жүгіру, өрмелеу, лақтыру, секіру, тепе-теңдік сақтау;</p> <p>жалпы дамытушы жаттығуларды, ұлттық, қимылды, саусақпен ойналатын ойындарды, шынықтыру шараларын қолдану арқылы балалардың денсаулығын нығайту;</p> <p>«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»- ұлттық ойындар арқылы дене қасиеттерін: ептілікке, тепе-теңдікке, қозғалыс жылдамдығын дамыту</p> <p>Салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру және құрдастарымен бірлесіп әрекет етуге дайындау.</p>
	<p><b>Коммуникативтік дағдыларды дамыту</b> Сөйлеуді дамыту</p> <p>«Үшқыр ой алаңы» - қарапайым сұрақ-жауап, сөзді анық айту, тыңдау дағдыларын ойын арқылы дамытады</p>	<p>Көрнекілікке сүйенбей айналасындағылардың сөзін түсіну қабілетін дамыту; дыбыстарды дұрыс айтуды дамыту; қолжетімді халық ауыз әдебиеті, көркем әдебиет шығармаларына, театр әлеміне баулу; пассивті және белсенді сөздік қорды байыту;</p> <p>түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы балалардың ауызша және байланыстырып сөйлеуін дамыту.</p>
	<p>Көркемәдебиет</p> <p>«Балалар кітапханасы» жобасы - Кітапқа қызығушылықты арттырады, әдеби шығармалар арқылы есте сақтау мен қиялды дамытады.</p>	<p>Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу.</p> <p>Балаларды бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерін, авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету.</p> <p>ойыншықтарды, суреттерді, үстел үсті театрының кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу, сонымен қатар</p>

	<p>көрнекіліксіз көркем шығарманы тыңдау. Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру.</p>
<p><b>Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту</b> Сенсорика <b>«Smart Bala» жобасы</b>- Заттарды салыстыру, пішінін, көлемін ажырату арқылы логикалық ойлауды дамытады.</p>	<p>Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру; түрлі сенсорлық әсерлермен байыту; қоршаған ортада бірлесіп әрекет етуді дамыту; түрлі балалар әрекеттерінде көз бен қол үйлесімділігін, қолдардың ұсақ моторикасын дамыту;</p>
<p><b>Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту.</b> Сурет салу <b>«Шабыт» жобасы</b> - шығармашылық қабілеттерді дамытады, эстетикалық талғамды қалыптастырады.</p>	<p>Материалға ұқыпты қарауға, оны дұрыс қолдана білуге үйрету; балаларды музыкалық шығармашылыққа, әсемдікті сезінуге тәрбиелеу; көркемдік қабылдауды дамыту, балаларды бейнелеу өнерінің шығармаларын түсінуге баулу.</p>
<p>Мүсіндеу <b>«Шабыт» жобасы</b> - қиялды және көркемдік талғамды жетілдіреді.</p>	<p>Балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру</p>
<p>Жапсыру <b>«Шабыт» + «Smart Bala» жобалары</b> - шығармашылық қабілеттерді («Шабыт»), логикалық-конструктивті ойлауды («Smart Bala») дамытады.</p>	<p>Фланелеграфте геометриялық фигураларды, машиналарды, үйлерді, доптарды, шарларды, гүлдерді, орналастыру. Балаларды бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, құрастыруға, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету.</p>
<p>Құрастыру <b>«Smart Bala» жобасы</b> - Құрылыс ойындары арқылы логикалық, кеңістік және конструктивті қабілеттерді жетілдіреді.</p>	<p>құрылыс материалдарынан құрастыруға баулу. Заттар туралы түсініктерді, құрастыру әрекеттерін нақтылау үшін көру және сипап-сезу (тактильді) зерттеу әдістерін қалыптастыру;</p>
<p>Музыка <b>«Шабыт» жобасы</b> - Ән айту мен ырғақтық қимылдар арқылы өнерге баулиды.</p>	<p>Музыкаға, ән айтуға, қарапайым аспаптарда ойнауға шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру; Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. музыканың ашық берілген сипатына сай қимылдар жасау;</p>

<p><b>Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру</b> Қоршаған ортамен таныстыру <b>«Қамқор» + «Еңбегі адал – жас өрен» жобалары-</b> Табиғатты қорғауға, қамқорлыққа және еңбекті құрметтеуге үйретеді</p>	<p>"Дұрыс", "дұрыс емес", "қауіпті" түсініктерімен, серуенде және сумен, құммен ойындарда қауіпсіздік ережелерімен (лас суды ішпеу, құмды шашпау, тастарды лақтырмау) таныстыру, өсімдіктер мен жануарларға сүйіспеншілік таныту және қамқорлық жасау. Ересектердің еңбегіне қызығушылық тудыру. Кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға (тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, сүлгілерді ауыстырады) үйрету.</p>
--	---

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024 - 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы** МКҚК «Балдырған» балабақшасы

**Топ:** «Балапан» кіші тобы

**Балалардың жасы:** 2 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі:** 2024-2025 оқу жылы қазан айы .

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет атаулары. Біртұтас тәрбие жобасы.	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қазан – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы	<p align="center"><b>Физикалық қасиеттерді дамыту</b> Дене шынықтыру</p> <p>«Қамқор» - Қимыл-қозғалыс пен ұлттық ойындар денсаулықты нығайтып, ептілікті дамытады.</p>	<p><b>«Ұлттықойын - ұлтқазынасы» - балалардың ұлттық ойындарға қызығушылығын арттыру.</b> жалпы дамытушы жаттығуларды, ұлттық, қимылды, саусақпен ойналатын ойындарды, шынықтыру шараларын қолдану арқылы балалардың денсаулығын нығайту; салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру және құрдастарымен бірлесіп әрекет етуге дайындау.</p>
	<p align="center"><b>Коммуникативтік дағдыларды дамыту</b> Сөйлеуді дамыту</p> <p>«Ұшқыр ой алаңы» - Сұрақтарға жауап беру, әңгімелерді тыңдау арқылы тілдік қарым-қатынас пен ойды жеткізу дағдыларын дамытады.</p>	<p>Ересектердің сөзін түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауға, қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді? және тағы басқа) және неғұрым күрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) сұрақтарға жауап беруге үйрету. Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Не істеді?». Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру.</p>
	<p align="center">Көркем әдебиет</p> <p>«Балалар кітапханасы» - Өлеңдерді қайталау, суреттер мен ертегілер балалардың есте сақтауын, қиялын және әдебиетке қызығушылығын арттырады.</p>	<p>Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру. Таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру. Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту.</p>

<p><b>Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту</b></p> <p>Сенсорика</p> <p>«<b>Smart Bala</b>» – Заттардың түсін, көлемін, өлшемін ажырату логикалық ойлау мен ұсақ моториканы дамытады.</p>	<p>Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру, заттардың санын ажырату (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атау.</p>
<p><b>Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту.</b></p> <p>Сурет салу</p> <p>«<b>Шабыт</b>» – Сурет салу шығармашылықты дамытып, түстерді үйлестіруге үйретеді.</p>	<p>Бейнелерді парақ бетінде орналастыра отырып, түрлі-түсті дақтарды қарама-қарсы үйлестіру арқылы бере білу, дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеу, дәстүрлі емес әдістермен суреттер салу. Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту. Қағазға, құмға саусақпен сурет салу, ересектер салған суретті толықтыру.</p>
<p>Мүсіндеу</p> <p>«<b>Шабыт</b>» – Ермексазбен жұмыс қиялды, қол еңбегін және көркемдік талғамды жетілдіреді.</p>	<p>Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру: кесені, тостағанды, табақты мүсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, тереңдету, кесектерді біріктіру, мүсіндеу, заттардың ұқсастықтарын табу.</p>
<p>Жапсыру</p> <p>«<b>Шабыт</b>» + «<b>Smart Bala</b>» – Шығармашылықты («Шабыт») және логикалық-конструктивті ойлауды («Smart Bala») дамытады.</p>	<p>Балаларды бейнелерді фланелеграфта қағаз бетіне қойып, құрастыруға, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету.</p>
<p>Құрастыру</p> <p>«<b>Smart Bala</b>» – Қарапайым құрылыстарды</p>	<p>Қарапайым құрылысты үлгі бойынша, ересектің көмегімен, өзбетінше құрастыру, кеңістік қатынастарды түсіну, құрылыс масштабына сәйкес сюжеттік ойыншықтарды, табиғи материалдарды қолданып, ойнауға</p>

<p>жасау кеңістікті бағдарлау мен логикалық ойлауды жетілдіреді.</p>	<p>мүмкіндік беру. Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинау.</p>
<p>Музыка</p> <p><b>«Шабьт»</b> – Музыка тыңдау, ән айту, ырғақтық қимылдар өнерге қызығушылықты арттырады.</p>	<p>Әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын ажырата білу, әртүрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау, бұл әуендерді тани білу. Музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру. Кейіпкерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша тану және музыканы есте сақтау.</p>
<p><b>Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру</b> Қоршаған ортамен таныстыру <b>«Қамқор» + «Еңбегі адал – жас өрен»</b> – Табиғатты қорғауға («Қамқор»), еңбекті құрметтеуге («Еңбегі адал – жас өрен») тәрбиелейді.</p>	<p>Ересектердің еңбегін бақылауға баулу, ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару. Ересектерге көмектесу ниетін қолдау. әр түрлі өмірлік және ойын жағдаяттарында баланың әлеуметтік қатынастар жүйесіне енуі негізінде әлеуметтік тәжірибесін, жеке қасиеттерін қалыптастыру; табиғат құбылыстарына қызығушылықты ояту;</p>

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024 - 2025оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы** МКҚК «Балдырған» балабақшасы

**Топ:** «Балапан» кіші тобы

**Балалардың жасы:** 2 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі:** 2024-2025оқу жылы қараша айы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет атаулары. Біртұтас тәрбие жобасы.	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қараша – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік	<p align="center"><b>Физикалық қасиеттерді дамыту</b> Денешынықтыру</p> <p>«Қамқор» – Жүру, еңбектеу, тепе-теңдік жаттығулары денсаулықты нығайтып, қауіпсіз қимыл дағдыларын дамытады.</p>	<p>Әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен, қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап, бір-бірінің қолдарынан ұстап, аяқтың ұшымен жүру, шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып, белгі бойынша тоқтап, иректелген лентаның бойымен жүру.</p> <p>Шектеулі жазықтың, көлбеу тақтайдың бойымен, доғаның, гимнастикалық скамейканың астынан, әртүрлі заттардың: арқанның астынан нысанаға дейін төрттағандап (алақанымен, тіземен тіреп) еңбектеу.</p>
	<p align="center"><b>Коммуникативтік дағдыларды дамыту</b> Сөйлеуді дамыту</p> <p>«Ұшқыр ой алаңы» – Суреттерді талдау, сұрақтарға жауап беру, қимылдарды қайталау арқылы тіл байлығын жетілдіреді.</p>	<p>Кітаптағы суреттерді қарайды, олардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталап ойнауды; артикуляциялық жаттығуларды орындауды; жекелеген сөздерді қосылып қайталап айтуды; суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруге үйрету</p>
Қараша	<p align="center">Көркем әдебиет</p> <p>«Балалар кітапханасы» – Сюжеттік суреттерді мазмұндау, кейіпкер әрекеттерін ойнау есте сақтауды, қиялды дамытады.</p>	<p>Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: «Бүлкім (не)?», «Не істеді?». Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айттып беру.</p> <p>Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату.</p>

<p><b>Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту</b></p> <p>Сенсорика</p> <p>«<b>Smart Bala</b>» – Геометриялық пішіндерді өлшемі, түсі бойынша салыстыру логикалық ойлау мен зейінді дамытады.</p>	<p>Өлшемдер іәртүрлі геометриялық фигураларды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды, түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру.</p>
<p><b>Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту.</b></p> <p>Сурет салу</p> <p>«<b>Шабыт</b>» – Тік және дөңгелек сызықтар салу ұқыптылықты, шығармашылық қабілетті, эстетикалық талғамды дамытады.</p>	<p>Белгілі бір ережелерді орындау: дұрысотыру, қағаздыумаждамау, қаламдытарсылдатпау, жұмыстыұқыптыжасау. Берілген тақырыпта суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу.</p>
<p>Мүсіндеу</p> <p>«<b>Шабыт</b>» – Ермексазды илеу, біріктіру арқылы қиялды, қол еңбегін және көркемдік талғамды жетілдіреді.</p>	<p>Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін кесектердіүлкенбөліктерденбөліпалу, олардыбіртұтасетіпбіріктіру, сазбалшықтыөздігіненилеуұйрету. Берілген тақырыптағы тапсырмаарды қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру:</p>
<p>Жапсыру</p> <p>«<b>Шабыт</b>» + «<b>Smart Bala</b>» – Шығармашылықты («Шабыт»), ал түстерді үйлестіру мен конструктивті тәсіл логикалық ойлауды («Smart Bala») дамытады.</p>	<p>кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету.Жапсыру техникасын түсіндіру.Қауіпсіздік ережелерін ескерту.</p>
<p>Құрастыру</p>	<p>Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинау. Құрдастарымен бірге құрастыруға</p>

<p><b>«Smart Bala»</b> – Құрдастарымен бірге құрастыру, пішіндермен жұмыс жасау логикалық және кеңістік түсінікті дамытады.</p>	<p>баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қою.Геометриялық пішіндермен жұмыс жасауға дағдыландыру.</p>
<p>Музыка</p> <p><b>«Шабьт»</b> – Әуендерді ажыратып, ән айту есте сақтауды және өнерге қызығушылықты арттырады.</p>	<p>Музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру. Кейіпкерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша тану және музыканы есте сақтау. Әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын ажырата білу, әртүрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау, бұл әуендерді тани білу.</p>
<p><b>Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру</b> Қоршаған ортамен таныстыру</p> <p><b>«Қамқор» + «Еңбегі адал – жас өрен»</b> – Өсімдіктер, жеміс-жидектерді ажырату табиғатты қорғауға («Қамқор»), еңбекті құрметтеуге («Еңбегі адал – жас өрен») тәрбиелейді.</p>	<p>Балалардың табиғат пен табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру. Қоршаған ортадағы өсімдіктермен таныстыру. Сыртқы белгілері бойынша көгөністер (қызанақ, қияр, картоп) мен жемістерді (алма, алмұрт) ажырату.</p>

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024- 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы** МКҚК «Балдырған» балабақшасы

**Топ:** «Балапан» кіші тобы

**Балалардың жасы:** 2 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі:** 2024-2025 оқу жылы желтоқсан айы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет атаулары. Біртұтас тәрбие жобасы.	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Желтоқсан – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы	<p align="center"><b>Физикалық қасиеттерді дамыту</b> Денешынықтыру</p> <p>«Қамқор» – Қауіпсіз қимыл, тепе-теңдік, салауатты әдеттерді қалыптастырады.</p>	<p>Сапқа тұру, жүру, зал ішінде шашыраңқы жүгіруге, өз орындарын тауып дұрыс тұра білу. Жалпы даму жаттығуларын және негізгі қимыл – қозғалыс жаттығуларын дұрыс жасау. Бірбағытпен гимнастикалық орындық үстінен түзу жүруді және бір бағытпен гимнастикалық орындық үстінен түзу жүруді үйрету. Екі жіп арасынан түзу жүру ,тепе-теңдікті сақтауды қалыптастыру.</p>
	<p align="center"><b>Коммуникативтік дағдыларды дамыту</b> Сөйлеуді дамыту</p> <p>«Ұшқыр ой алаңы» – Суреттер бойынша сұраққа жауап беру, ойды анық жеткізуге үйретеді.</p>	<p>Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: "Бұл кім (не)?", "Не істеді?". Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату.</p>
	<p align="center">Көркемәдебиет</p> <p>«Балалар кітапханасы» – Қыс туралы өлеңдер арқылы әдебиетке қызығушылықты, есте сақтауды дамытады.</p>	<p>Балалар қыс мезгілі туралы түсіне отырып, қыс мезгіліндегі ойын түрлерімен таныса отырып, өлең жолдарындағы қандай ойын түрі суреттелгенін түсіндіру.</p>

<p><b>Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту</b> Сенсорика</p> <p>«Smart Bala» – Заттарды көлеміне қарай орналастыру, ұзындықты салыстыру арқылы логиканы дамытады.</p>	<p>әр түрлі заттарды көлемі бойынша орналастыру және түстерін атай білуді түсіндіру. Беттестіру /бетіне қою/ әдісі арқылы ұзындықты салыстыру.</p>
<p><b>Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту.</b> Сурет салу</p> <p>«Шабьт» – Дәстүрден тыс әдіспен сурет салу, шығармашылық пен талғамды дамытады.</p>	<p>Дәстүрден тыс әр түрлі техникада сурет салуға ,трафарет көмегімен қағаз бетіне затты ұқыпты түсіруді түсіндіру.</p>
<p>Мүсіндеу</p> <p>«Шабьт» – Ермексазды илеу, домалақтау арқылы қиял мен қол еңбегін жетілдіреді.</p>	<p>Алақан арасында, жазықтықта түзету және домалақтау қимылдары арқылы, ермексазды илеу, домалақтау, созу тәсілдерін үйрету.</p>
<p>Жапсыру</p> <p>«Шабьт» + «Smart Bala» – Шығармашылықты дамытады («Шабьт»), түсті ажырату, бөліктерден құрастыру логиканы жетілдіреді («Smart Bala»).</p>	<p>кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету.Жапсыру техникасын түсіндіру.Қауіпсіздік ережелерін ескерту.</p>
<p>Құрастыру</p> <p>«Smart Bala» – Қағаз бөліктерінен құрастыру арқылы кеңістік түсінігін және</p>	<p>Балаларға қиылған қағаз бөліктерден құрастыруды үйрету. Төменнен жоғары қарай құрастыра отырып, жуан-жіңішке ұғымдарын үйрену</p>

ойлауын дамытады.	
<p data-bbox="501 188 629 225">Музыка</p> <p data-bbox="210 277 920 400"><b>«Шабыт»</b> – Әуенді тану, ән айту арқылы есте сақтауды және өнерге қызығушылықты арттырады.</p>	<p data-bbox="954 188 2152 311">Музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру. Кейіпкерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша тану және музыканы есте сақтау.</p>
<p data-bbox="237 453 893 576"><b>Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру</b> Қоршаған ортамен таныстыру</p> <p data-bbox="237 628 893 783"><b>«Қамқор» + «Еңбегі адал – жас өрен»</b> – Қардың қасиеттерін бақылау, табиғатты қорғауға және еңбекті құрметтеуге тәрбиелейді.</p>	<p data-bbox="954 453 2119 576">Қардың бақылайды, оның ақ және үлпілдек екенін көреді, қардың қасиетімен таныстыру, Қыста табиғатта болатын құбылыстар жайлы, әр жыл мезгілінің ерекшеліктерін түсіндіру.</p>

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024 – 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы** МКҚК «Балдырған» балабақшасы

**Топ:** «Балапан» кіші тобы

**Балалардың жасы:** 2 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі:** 2024-2025 оқу жылы қаңтар айы .

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет атаулары. Біртұтас тәрбие жобасы.	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қаңтар – еңбекқорлық және кәсіби	<p align="center"><b>Физикалық қасиеттерді дамыту</b> Денешынықтыру</p> <p align="center">«Қамқор» – Қимыл-қозғалыстарды жетілдіру, тепе-теңдікті сақтау, салауатты өмірге тәрбиелеу.</p>	<p>Сапқа тұру, жүру, зал ішінде шашыраңқы жүгіруге, өз орындарын тауып дұрыс тұра білу. Жалпы даму жаттығуларын және негізгі қимыл – қозғалыс жаттығуларын дұрыс жасау. Бірбағытпен гимнастикалық орындық үстінен түзу жүруді және бір бағытпен гимнастикалық орындық үстінен түзу жүруді үйрету. Екі жіп арасынан түзу жүру ,тепе-теңдікті сақтауды қалыптастыру.</p> <p>Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіру.</p>
	<p align="center"><b>Коммуникативтік дағдыларды дамыту</b> Сөйлеуді дамыту</p> <p align="center">«Үшқыр ой алаңы» – Қыс мезгілі мен құстар жайлы сөйлету, сұрақтарға жауап беру, ойды анық жеткізу.</p>	<p>- Балаларға қыс мезгілі туралы түсінік беру. Қыс мезгілінің ерекшеліктерін түсіндіру.</p> <p>Балаларға құстар туралы түсініктерін кеңейту. Құстарға қамқорлық жасауды түсіндіру. Қойылған сұрақтарға жауап бере білуге дағдыландыру. Кейіпкер бейнесін сомдауда, түсінікті сөйлеуде, мәнерлі дауыс ырғағы арқылы сөйлеуін дамыту. Электроника туралы түсініктерін кеңейту.</p>
	<p align="center">Көркем әдебиет</p> <p align="center">«Балалар кітапханасы» – Қысқа</p>	<p>Ертегінің мазмұнын түсінуге және кейіпкерлерді атай білуге үйрету. Балаларға қыс мезгілі туралы түсінік беру. Қыс мезгіліндегі ойын түрлерімен таныстыру. Өлең жолдарын оқи отырып, қандай ойын түрі</p>

байланысты өлең, ертегілер тыңдау, есте сақтау мен қиялды дамыту.	суреттелгенін түсіндіру
<p><b>Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту</b> Сенсорика</p> <p>«<b>Smart Bala</b>» – Шыршаларды өлшеміне қарай орналастыру, түстерді ажырату, логикалық ойлауды дамыту.</p>	<p>Шыршаларды өлшемі бойынша салыстыруды және оларды үлгідегідей орналастыруды үйрету. Түсі әр түрлі заттарды көлемі бойынша орналастыру және түстерін атай білуге үйрету.</p>
<p><b>Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту.</b> Сурет салу</p> <p>«<b>Шабыт</b>» – Қысқы табиғатты дәстүрден тыс әдіспен салу, шығармашылықты жетілдіру.</p>	<p>Дәстүрден тыс сурет салудың әдіс-тәсілімен таныстыру. Қырыққабат жапырағынан қысқы ағаш келбетін қағаз бетіне түсіру. Парақ бетіне бояу жағу арқылы дақ түсіруге үйрету. Суық торғайдың қысқы тіршілігін түсіндіре отырып, трафарет көмегімен қағаз бетіне торғайды ұқыпты түсіре білу. Қағазға саусақ арқылы қардың суретін салуға үйрету. Балалардың саусақ бұлшық еттерін дамыту.</p>
<p>Мүсіндеу</p> <p>«<b>Шабыт</b>» – Шырша мүсіндеу, ермексазбен жұмыс жасау арқылы қиялды дамыту.</p>	<p>Балаларды мүсіндеудің әдісін үйрете отырып, шырша жасауға үйрету. Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен сүрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету.</p>
<p>Жапсыру</p> <p>«<b>Шабыт</b>» + «<b>Smart Bala</b>» – Қағаз бөліктерін жапсыру, түстерді үйлестіру, шығармашылық пен логиканы дамыту.</p>	<p>Қағазға салынған дайын бейненің үстіне қиылған бөліктерді дұрыс жапсыра білу Балаларға балапанның түсін, дене құрлысын түсіндіру.</p>
<p>Құрастыру</p> <p>«<b>Smart Bala</b>» – Конструкторлардан бейне</p>	<p>Дьенеш блоктары арқылы конструкторлардан күшік бейнесін құрастыру Балаларға қиылған қағаз бөліктерінен шыршалар құрастыруды үйрету. Төменнен жоғары қарай құрастыра отырып, жуан-жіңішке ұғымдарын</p>

<p>құрастыру, кеңістікті бағдарлауды үйрету.</p>	<p>үйрету.</p>
<p>Музыка  <b>«Шабьт»</b> – Музыка тыңдау, ән айту,      ырғақтық қимылдар жасау арқылы өнерге      баулу.</p>	<p>Музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру.      Кейіпкерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша тану және музыканы есте      сақтау.</p>
<p><b>Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды      қалыптастыру</b>      Қоршаған ортамен таныстыру</p> <p><b>«Қамқор» + «Еңбегі адал – жас өрен»</b> –      Қысқы табиғатты бақылау, жануарлармен      таныстыру, қамқорлық пен еңбекті      құрметтеуге тәрбиелеу.</p>	<p>Қысқы табиғат көрінісін бақылау. Табиғат құбылыстарын түсіне білуге      үйрету. Үй жануарлары мен оның төлдерімен таныстыру. Атауға үйрету.</p>

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024 - 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы** МКҚК «Балдырған» балабақшасы

**Топ:** «Балапан» кіші тобы

**Балалардың жасы:** 2 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі:** 2024-2025 оқу жылы ақпан айы .

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет атаулары. Біртұтас тәрбие жобасы.	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Ақпан – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік	<p align="center"><b>Физикалық қасиеттерді дамыту</b> Денешынықтыру</p> <p>«Қамқор» – Өртүрлі бағытта жүру, еңбектеу, тепе-теңдікті сақтау арқылы денсаулықты нығайтады, қауіпсіз қимыл дағдыларын дамытады.</p>	<p>Өртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен, қолдарын өртүрлі қалыпта ұстап, бір-бірінің қолдарынан ұстап, аяқтың ұшымен жүру, шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып, белгі бойынша тоқтап, иректелген лентаның бойымен жүру.</p> <p>Шектеулі жазықтың, көлбеу тақтайдың бойымен, доғаның, гимнастикалық скамейканың астынан, өртүрлі заттардың: арқанның астынан нысанаға дейін төрттағандап (алақанымен, тіземен тіреп) еңбектеу. Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру.</p>
	<p align="center"><b>Коммуникативтік дағдыларды дамыту</b> Сөйлеуді дамыту</p> <p>«Ұшқыр ой алаңы» – Сұрақ-жауап, әңгімелер тыңдау, шағын тақпақтар жаттау арқылы тілдік қарым-қатынасты дамытады.</p>	<p>Сұрақтар қоя білу, ойыншықтар, суретте бейнеленгендер туралы айтып беру. Айналасындағылардың сөздерін, тұрмыстық немесе ертегілер тақырыптарындағы әңгімелерді көрнекіліксіз тыңдауды. Сөз тіркестерін айту, таныс шығармалардан үзінді ойнай білуді; кітаптағы суреттерді қарау, олардың мазмұны бойынша сұрақ-жауаптар құрастыру, көлемі бойынша шағын өлеңдер мен тақпақтар жаттауды бекіту.</p>
	<p align="center">Көркемәдебиет</p> <p>«Балалар кітапханасы» – Суреттерді</p>	<p>Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды атауып, сұрақ қою: «Бүлкім (не)?», «Не істеді?». Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру.</p>

<p>талдау, кейіпкерлердің әрекеттерін қайталау арқылы қиялды, есте сақтауды және әдебиетке қызығушылықты арттырады.</p>	<p>Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату.</p>
<p><b>Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту</b> Сенсорика</p> <p>«Smart Bala» – Заттарды түсі, пішіні, өлшемі бойынша топтастыру, салыстыру арқылы логикалық ойлауды дамытады.</p>	<p>Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды, түрлік өлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру.</p>
<p><b>Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту.</b> Сурет салу</p> <p>«Шабьт» – Қарапайым сызықтарды сызу, ұқыптылыққа үйрету, шығармашылық қабілеттерін жетілдіру.</p>	<p>Белгілі бір ережелерді орындау: дұрыс отыру, қағазды уағдамау, қаламды тарсылдатпау, жұмысты ұқыпты жасау. Берілген тақырыпта суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және түйықталған дөңгелек сызықтардың қағаз бетінде жеңіл жүргізу.</p>
<p>Мүсіндеу</p> <p>«Шабьт» – Ермексазды илеу, кесектерді біріктіру арқылы қол еңбегін, қиялды дамыту.</p>	<p>Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу үйрету. Берілген тақырыптағы тапсырмаарды қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру:</p>
<p>Жапсыру</p> <p>«Шабьт» + «Smart Bala» – Түрлі түстерді таңдау, бөліктерден бейне құрастыру арқылы шығармашылықты («Шабьт») және логикалық ойлауды («Smart Bala»)</p>	<p>кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету. Жапсыру техникасын түсіндіру. <b>Қауіпсіздік ережелерін ескерту.</b></p>

<p>дамытады.</p>	
<p>Құрастыру</p> <p><b>«Smart Bala»</b> – Қарапайым құрылыстар жасау, пішіндермен жұмыс арқылы кеңістік қатынасын және ойлау қабілетін жетілдіреді.</p>	<p>Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинау. Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қою. Геометриялық пішіндермен жұмыс жасауға дағдыландыру.</p>
<p>Музыка</p> <p><b>«Шабьт»</b> – Ән тыңдау, әуенді ажырату, ырғақтық қимылдар жасау арқылы өнерге баулиды.</p>	<p>Музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру. Кейіпкерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша тану және музыканы есте сақтау.</p> <p>Әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын ажырата білу, әртүрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау, бұл әуендерді тани білу.</p>
<p><b>Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру</b></p> <p>Қоршаған ортамен таныстыру</p> <p><b>«Қамқор» + «Еңбегі адал – жас өрен»</b> – Жануарлар мен құстарды танып-білу, табиғат құбылыстарын бақылау арқылы қамқорлыққа және еңбекті құрметтеуге тәрбиелейді.</p>	<p>Балалардың табиғат пен табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру. Қоршаған ортадағы өсімдіктермен таныстыру. Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Үй жануарлары және олардың төлдерімен (қозы, лақ, бота), аңдармен (аю, қасқыр, қоян) және құстармен таныстыру, оларды ажырату және атау, сипаттамалық ерекшеліктерін ажырата білу. Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Табиғат құбылыстарына қызығушылық таныту. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыру: қар, жаңбыр, жел.</p>

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024 - 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы** МКҚК «Балдырған» балабақшасы

**Топ:** «Балапан» кіші тобы

**Балалардың жасы:** 2 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі:** 2024-2025 оқу жылы наурыз айы .

Айы	<p align="center"><b>Ұйымдастырылған іс-әрекет атаулары. Біртұтас тәрбие жобасы.</b></p>	<p align="center"><b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</b></p>
<p align="center"><b>Наурыз – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы</b></p>	<p align="center"><b>Физикалық қасиеттерді дамыту</b> Денешынытыру</p> <p>«Қамқор» – Қимылды ойындар, жүру, еңбектеу, өрмелеу арқылы денсаулықты нығайтып, салауатты әдеттерге тәрбиелейді.</p>	<p>Заттардың арасымен қолды белге қойып, аяқтың ұшымен жүруді, кішкентай допты оң қолдарымен себетке лақтыру, Арқанның (биіктігі 50 сантиметр), доғаның, орындықтың астынан төрт тағандап еңбектеп өту, 2 метр қашықтыққа дейін бөренеден аттап өту, құрсаудан еңбектеп өту. Шағын саты бойымен жоғары өрмелеу (биіктігі 1 метр). Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіру. Қимылды ойындарға қатысуға және жаттығуларды орындауға қызығушылық пен ықылас танытуға баулу.</p>
	<p align="center"><b>Коммуникативтік дағдыларды дамыту</b> Сөйлеуді дамыту</p> <p>«Ұшқыр ой алаңы» – Қазақ халқының мәдениеті мен салт-дәстүрлерімен таныстыра отырып, сөздік қорын байытады, ойды анық жеткізуге баулиды.</p>	<p>Түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы балалардың ауызша және байланыстырып сөйлеуін дамыту. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруге үйрету.</p>

<p>Көркемәдебиет</p> <p><b>«Балалар кітапханасы»</b> – Бесік жыры мен ертегілер арқылы қамқорлыққа тәрбиелейді, әдебиетке қызығушылығын арттырады.</p>	<p>Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлеріне ертегілер арқылы баулу, балаларды бесік пентаныстыру, қуыршақтыбесіккебөлеп, бесікжырынайтыпотырыпойнатуарқылыбалалардықамқорлыққа баулу, балаларғабесікжырынкүнделіктіұйықтаралдындатыңдатудыәдеткеайналдыру, топтағыбарлықбаланыересектердіңжақсыкөретінінсездіру.</p>
<p><b>Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту</b> Сенсорика</p> <p><b>«Smart Bala»</b> – Заттарды пішіні, түсі, көлемі бойынша салыстыру арқылы логикалық ойлауын дамытады.</p>	<p>Өлшемдеріәртүрлігеометриялықфигураларды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды, түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру.</p>
<p><b>Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту.</b> Сурет салу</p> <p><b>«Шабыт»</b> – Түрлі-түсті дақтарды үйлестіру, сызықтарды бейнелеу арқылы шығармашылық қабілеттерін жетілдіреді.</p>	<p>Берілген тақырыпта суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу. Бейнелерді парақ бетінде орналастыра отырып, түрлі-түсті дақтарды қарама-қарсы үйлестіру арқылы бере білу, дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеу, дәстүрлі емес әдістермен суреттер салу.</p>
<p>Мүсіндеу</p> <p><b>«Шабыт»</b> – Ермексазды илеу, бөліктерді біріктіру арқылы қиялды дамытады, қол еңбегіне үйретеді.</p>	<p>Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу үйрету. Берілген тақырыптағы тапсырмаарды қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру:</p>
<p>Жапсыру</p>	<p>қарапайым заттар, құбылыстар, ертегі кейіпкерлерін бейнелеуде біліктер мен дағдыларды қалыптастыру, пішінді, түсті, заттардың орналасуын беруге</p>

<p><b>«Шабыт» + «Smart Bala»</b> – Қарапайым заттар мен кейіпкерлерді бейнелеу шығармашылықты («Шабыт»), ал түстер мен пішіндерді үйлестіру логикалық ойлауды («Smart Bala») дамытады.</p>	<p>үйрету; қоршаған ортадағы әсемдікті қабылдауға үйрету</p>
<p>Құрастыру</p> <p><b>«Smart Bala»</b> – Құрылыс материалдарымен үлгі бойынша құрастыру арқылы кеңістік ойлауын, логикалық қабілеттерін жетілдіреді.</p>	<p>Өртүрлі түстегі және пішіндегі тұратын құрылыс материалдарынан бірінің үстіне бірін қою, заттардың үлгі бойынша пішінін, түсін ескере отырып текшелерді үйлестіріп құрастыру.</p>
<p>Музыка</p> <p><b>«Шабыт»</b> – Ән айту, әуенді ажырату, қарапайым би қимылдарын орындау арқылы өнерге баулиды.</p>	<p>Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру.</p> <p>Баяужәнекөтеріңкідыбысты, музыкалықшығармалардыңсипатын (баяужәнекөңілдіәндер) ажыратабілу. Әнді жеке және топпен айту, әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізу.</p> <p>Қарапайым би қимылдарын орындау: қолдың білектерін айналдыру, шапалақтау және аяқты тарсылдату, жүрелеп отыру, аяқтарын қозғау, айналу; денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға ию, қолдарды сермеу</p>
<p><b>Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру</b> Қоршаған ортамен таныстыру</p> <p><b>«Қамқор» + «Еңбегі адал – жас өрен»</b> – Табиғат құбылыстарын бақылау қамқорлыққа («Қамқор»), ал ересектер еңбегін бақылау еңбекті құрметтеуге («Еңбегі адал – жас өрен») тәрбиелейді.</p>	<p>Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін қалыптастыру.</p> <p>Ауа-райының жағдайын анықтау, табиғат құбылыстарын (маусымдық) бақылау. Табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын тәрбиелеу. Серуенде, сумен, құммен ойындарда қауіпсіздік ережелерін түсіну. Ересектердің еңбегін бақылауға баулу, ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару.</p>

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024 - 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы** МКҚК «Балдырған» балабақшасы

**Топ:** «Балапан» кіші тобы

**Балалардың жасы:** 2 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі:** 2024-2025 оқу жылы сәуір айы .

Айы	<p align="center"><b>Ұйымдастырылған іс-әрекет атаулары.</b> Адал азамат біртұтас тәрбие жобасы.</p>	<p align="center"><b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</b></p>
<p><b>Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы</b></p>	<p align="center"><b>Физикалық қасиеттерді дамыту</b> Денешынықтыру</p> <p><b>«Қамқор»</b> – Өртүрлі қимыл-қозғалыстарды үйлестіріп орындау, жүгіру мен жаттығулар арқылы денсаулықты нығайтады.</p>	<p>Бірқалыпты, шашырап, берілген бағытта, әртүрлі қарқынмен, заттардың арасымен, аяқтың ұшымен, белгі бойынша тоқтап, бірінің соңынан бірі (20 метр дейін) шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен, бағытты өзгертіп, шашырап жүгіру. Қолды алға, жоғары, екі жаққа көтеру; қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жаққа жазу. Қолды артқа қою; оларды бүгіп, жазу, қолды шапалақтау, қолдарды алға-артқа сермеу, саусақтарды бүгу және ашу. қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету</p>
	<p align="center"><b>Коммуникативтік дағдыларды дамыту</b> Сөйлеуді дамыту</p> <p><b>«Ұшқыр ой алаңы»</b> – Балаларды сұрақтарға жауап беруге, әңгімелерді тыңдап, өз ойын жеткізуге үйретеді.</p>	<p>Ересектердің сөзін түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауға, қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) және неғұрлым күрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) сұрақтарға жауап беруге, өз ойына ийтуге үйрету.</p> <p>Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды атауып, сұрақ қою: "Бұл кім (не)?", "Не істеді?". Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру.</p>
	<p align="center">Көркем әдебиет</p>	<p>Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толыққайталауға ийнталандыру.</p>

<p><b>«Балалар кітапханасы»</b> – Өлеңдерді қайталау, суреттерді талдау арқылы сөздік қорын байытып, әдебиетке қызығушылығын арттырады.</p>	<p>Танысөлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру. Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту</p>
<p><b>Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту</b> Сенсорика</p> <p><b>«Smart Bala»</b> – Геометриялық пішіндерді өлшемі, түсі, қасиеттері бойынша салыстыру арқылы логикалық ойлауын дамытады.</p>	<p>Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды, түрлік өлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру.</p>
<p><b>Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту.</b> Сурет салу</p> <p><b>«Шабыт»</b> – Табиғат пен ғарыш бейнесін суреттеу арқылы шығармашылық қабілетін дамытады, түстерді үйлестіруге баулиды.</p>	<p>Қағазға бастырмамен жұмыс істеу арқылы, заттарды безендіруге үйренеді. Балалар ғарыш әлемі, табиғаттағы шөп, гүл, ағаш туралы түсіне отырып, геометриялық пішіндерді сәйкестендіре отырып, бейнені қағаз бетіне түсіре білу. Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту. Қағазға, құмға саусақпен сурет салу, ересектер салған суретті толықтыру.</p>
<p>Мүсіндеу</p> <p><b>«Шабыт»</b> – Үлгі бойынша мүсіндеу арқылы ұқыптылыққа, қиялды дамытуға және қол еңбегіне үйретеді.</p>	<p>Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен сүрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету. Үлгі бойынша пішінін, пропорциясын ескере отырып, заттың мүсінін жасау.</p>

<p>Жапсыру</p> <p><b>«Шабыт» + «Smart Bala» –</b> Құстарға жемсауыт, ұя жапсыру шығармашылықты («Шабыт»), ал пішіндерді дұрыс орналастыру логикалық ойлауды («Smart Bala») дамытады.</p>	<p>Пішіні мен бөліктерін дұрыс орналастыра отырып, жапсыра білу. Көктем мезгілінде құстарға жемсауыт пен ұяны жапсыру әдістерін түсіне отырып, үлгі бойынша жапсыру. Дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауға үйрету; Желімдеу техникасының дағдыларын игеру.</p>
<p>Құрастыру</p> <p><b>«Smart Bala» –</b> Қарапайым құрылыстарды үлгі бойынша жасау, табиғи материалдармен ойнау кеңістік ойлау мен логиканы жетілдіреді.</p>	<p>Үлгі мен ауызша нұсқауға сүйеніп, тапсырмаларды орындау, қимылдарды, қолдың ұсақ моторикасын үйлестіру дағдыларын меңгере отырып, ересектердің нұсқауымен түсі, өлшемі бойынша заттарды табу. Қарапайым құрылысты үлгі бойынша, ересектің көмегімен, өз бетінше құрастыру, кеңістік қатынастарды түсіну, құрылыс масштабына сәйкес сюжеттік ойыншықтарды, табиғи материалдарды (құм, су, тас) қолданып, ойнауға мүмкіндік беру.</p>
<p>Музыка</p> <p><b>«Шабыт» –</b> Музыка тыңдау, ән айту, дыбыстарды ажырату арқылы эстетикалық талғамды қалыптастырады</p>	<p>Музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, оны тыңдау, дыбысталу ерекшеліктерін ажырата білу. Баяу және көтеріңкі дыбысты, музыкалық шығармалардың сипатын (баяу және көңілді әндер) ажырата білу. Әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын ажырата білу, әртүрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау, бұл әуендерді тани білу.</p>
<p><b>Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру</b> Қоршаған ортамен таныстыру</p> <p><b>«Қамқор» + «Еңбегі адал – жас өрен» –</b> Өсімдіктерді күтуге, жәндіктерді тануға («Қамқор»), ал табиғатты бақылау еңбекті құрметтеуге («Еңбегі адал – жас өрен») тәрбиелейді.</p>	<p>Гүлдердің түр – түстерін ажырата білу. Өсімдіктерді күту ережелерін білуге дағдыландыру. Балалар жәндіктермен, олардың өзіне тән белгілерін айыра білу. (көбелек, қоңыз). Тірі және өлі табиғаттағы өзгерістерді бақылай отырып, табиғат туралы түсінік қалыптастыру.</p>

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024 - 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы** МКҚК «Балдырған» балабақшасы

**Топ:** «Балапан» кіші тобы

**Балалардың жасы:** 2 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі:** 2024-2025 оқу жылы мамыр айы .

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет атаулары. Біртұтас тәрбие жобасы.	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
<b>Мамыр – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы</b>	<p align="center"><b>Физикалық қасиеттерді дамыту</b> Денешынықтыру</p> <p><b>«Қамқор» жобасы</b> – Балалар әртүрлі бағытта жүру, еңбектеу, тепе-теңдікті сақтауға үйренеді. Дене шынықтыру жаттығулары арқылы салауатты өмір салтын қалыптастырады.</p>	<p>Әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап жүру, шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгертіп жүру, белгі бойынша тоқтап жүру, жүруде тепе-теңдікті сақтау заттардың бойымен, астымен еңбектеу, ересектермен бірге дене жаттығуларын орындау, спорттық жаттығуларды орындау техникасын және бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауын бекіту. Серуенде қимылды ойындарға қатысуға және жаттығуларды орындауға қызығушылық пен ықылас танытуға баулу. Шынықтыру шараларын өткізу кезінде балалардың денсаулық жағдайын ескеріп, жеке тәсілді жүзеге асыру</p>
	<p align="center"><b>Коммуникативтік дағдыларды дамыту</b> Сөйлеуді дамыту</p> <p><b>«Ұшқыр ой алаңы» жобасы</b> – Табиғаттағы өзгерістерді бақылап, сұрақтарға жауап береді. Өлең жолдарын жаттап, ойды анық жеткізуге машықтанады.</p>	<p>Табиғаттағы маусымдық өзгерістерін түсіне отырып, туған жердің табиғатына деген қызығушылықтары дамыту. Тірі және өлі табиғаттағы өзгерістерді бақылау. Табиғаттың досы болуға, оны қорғай білуді түсіндіру. Өлең жолдарын мағынасын қойылған сұрақтарға жауап беру арқылы түсіну дағдысын бекіту.</p>
	<p align="center">Көркем әдебиет</p> <p><b>«Балалар кітапханасы» жобасы</b> –</p>	<p>Таныс сюжеттер бойынша ертегілерді драмалауға, достық қарым-қатынас және өзара көмек көрсету дағдыларын қалыптастыру. Балалар әдеби кейіпкерлердің әрекеттері мен жүріс-тұрыстарын саусақ театры</p>

<p>Ертегілерді тыңдап, кейіпкерлер әрекеттерін ойнайды. Достық пен көмектесуді әдеби кейіпкерлер арқылы үйренеді.</p>	<p>арқылы көрсетуді үйрене отырып, кітаптардағы иллюстрацияларды қарап, суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беру.</p>
<p><b>Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту</b> Сенсорика</p> <p>«<b>Smart Bala</b>» жобасы – Пішін, көлем, түс бойынша заттарды салыстырады. Ұсақ моторикасы мен логикалық ойлауы дамиды.</p>	<p>Үлгі мен ауызша нұсқауғасүйеніп, тапсырмаларды орындау, қимылдарды, қолдың ұсақ моторикасын үйлестіру дағдыларын, ересектердің нұсқауымен түсі, өлшемі бойынша заттарды табуды, түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі қасиеттері бойынша салыстыру. Қарапайым көру-қимыл үйлесімділігін, көлемі, пішіні, түсі бойынша ұқсас біртекті заттарды топтастыруды, заттардың көлемін, түсін және пішінін білдіретін сөздерді, заттардың санын ажырату дағдыларын меңгерту.</p>
<p><b>Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту.</b> Сурет салу</p> <p>«<b>Шабыт</b>» жобасы – Түрлі әдіспен сурет салып, ұқыптылықты сақтауға үйренеді. Шығармашылық қабілеттері дамиды.</p>	<p>Берілген тақырыпта суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу. дәстүрден тыс сурет салудың әдіс-тәсілімен, мақта таяқшасы, трафарет т.б әдістермен сурет салу дағдысын дамыту. Белгілі бір ережелерді орындау: дұрыс отыру, қағазды уағдамау, қаламды тарсылдатпау, жұмысты ұқыпты жасау.</p>
<p>Мүсіндеу</p> <p>«<b>Шабыт</b>» жобасы – Ермексаздан қарапайым пішіндер жасап, қиялын дамытады.</p>	<p>Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу үйрету. Берілген тақырыптағы тапсырмаарды қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын бекіту.</p>
<p>Жапсыру</p> <p>«<b>Шабыт</b>» + «<b>Smart Bala</b>» жобалары – Қарапайым бейнелерді бөліктерден құрастырады, түстерді үйлестіреді.</p>	<p>Кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету. Жапсыру техникасын түсіндіру. Қауіпсіздік ережелерін ескерту.</p>

<p style="text-align: center;">Құрастыру</p> <p style="text-align: center;"><b>«Smart Bala» жобасы</b> – Құрылыс материалдарынан қарапайым құрылыстар жасайды, кеңістікті бағдарлауға үйренеді.</p>	<p>Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинау. Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастырудағыларын бекіту: үстіне, жанына қою. Геометриялық пішіндермен жұмыс жасауға дағдыландыру. Әртүрлі түстегі және пішіндегі тұратын құрылыс материалдарынан бірінің үстіне бірін қою, текшелерді үйлестіре отырып, құрастыруды бекіту.</p>
<p style="text-align: center;">Музыка</p> <p style="text-align: center;"><b>«Шабьт» жобасы</b> – Ән айту, әуенді тыңдау, музыкалық аспаптарды ажырата білуге дағдыланады.</p>	<p>Музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру. Кейіпкерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша тану және музыканы есте сақтау. Әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын ажырата білу, әртүрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау, бұл әуендерді тани білу.</p>
<p style="text-align: center;"><b>Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру</b> Қоршаған ортамен таныстыру</p> <p style="text-align: center;"><b>«Қамқор» + «Еңбегі адал – жас өрен» жобалары</b> – Табиғатты бақылап, қамқорлық жасауға, еңбекті құрметтеуге тәрбиеленеді.</p>	<p>еңбек әрекетін (жуу, суару, құю), қарама-қарсы мәндес әрекеттерді (ашу-жабу, кию-шешу, алу-салу), адамдардың қарым-қатынасын (құшақтау, көмектесу), көңіл-күйін (қуану, күлу, ренжу) білдіретін сөздерді түсіну, сөйлегенде заттарды сипаттау үшін зат есімдер мен етістіктерді, сын есімдерді қолдануды бекіту.</p>